



Қазақстан Республикасының Президенті

АСТАНА, АҚОРДА

05103/2011

Құрметті Президент мырза,

Сіздің Әкімшілігіңіз Наурызды тойлайтын еуразиялық халықты осы тамаша көктем мерекесімен құттықтау дәстүрін жалғастырып жатқанын қанағаттанарлықпен атап өткім келеді. Бұл жәйт Сіздің басшылығыңызбен Америка Құрама Штаттары халықтар арасындағы түсіністікті күшейтуге өлшеусіз үлес қосатынының тағы да бір дәлелі болып есептеледі.

Осы орайда, өткен жылы Вашингтонда құрылған, құрамына АҚШ-тың көрнекті саяси және қоғам қайраткерлері, сонымен қатар біздің елдеріміздің дипломатиялық корпусының, іскерлік, ғылыми және мәдени орталарының өкілдері кіретін «Наурыз Комиссиясын» қуана құптаймын. Комиссияның игі миссиясы елдеріміз арасындағы достықты әрі қарай нығайтуға себепші болатынына сенімдімін.

Өзіңіз білетіндей, Наурыз «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді және ол қарым-қатынастағы жаңа жылылық пен достықты нығайтудың белгісі болып саналады. АҚШ қоғамының Қазақстанның белсене қатысуымен бұл мерекені ұлықтау бойынша арнайы комиссия құруының нышандық мәні бар деп санаймын.

Осы орайлы сәтті пайдалана отырып, Сіздің қызметіңізге табыс, ал Америка Құрама Штаттары халқына бейбітшілік пен гүлдену тілеймін.

Құрметпен,

Нұрсұлтан Назарбаев

**Жоғары Мәртебелі
Барак Обама мырзаға
Америка Құрама Штаттарының
Президенті**

Вашингтон